«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

11.09.18 № 02-09/2043

«НЕОФИС» ЖШС-не
Астана қ, Ташенов көшесі №23/1
tooneofis@mail.ru. Тел 8 7172 45 76 19.

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан №2727944-2 санды «Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау Электр Желілері Басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК энергетикалық аудитті жүргізу бойынша қызметтер» сатып алу жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алуына қатысты жазған 25.08.2018 жылғы №21331 санды шағымыңызға келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірген шағымыңыз бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталу мәселесіне камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен бұзушылық деректерінің орын алмағандығы назарыңызға беріледі.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасы *(бұдан-әрі Қағида)* 154-тармағында, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, ***көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз***, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері бес пайыздан аспайды делінген.

Сәйкесінше, конкурстық құжаттамының 6-қосымшасының ескертудің 1-тармағында, Егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында ***жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-***

000739

фактураларының электрондық көшірмелері болып табылатыны көрсетілген.

Алайда, Сіздің конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасына сәйкес ұсынған біліктілік туралы мәліметіңізде 2016-2017-2018 жылдарда жасақталған қызметтер көрсетіліп оның растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылатыны қарамастан конкурстық комиссия мүшелерінің тарапынан «НЕОФИС» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде шот фактура құжатын ұсынбағанына қарамастан негізсіз 1 % пайыз шартты жеңілдік бағасы берілгені анықталып, аталған мемлекеттік сатып алу қортындысына әсер етпейді.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Башагулов Е.